

## АНЫҚТАМА

№266 инновациялық мектеп-лицейінде оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыру, шығармашылық және техникалық қабілеттерін дамыту, заманауи білім беру ортасын жетілдіру мақсатында бірнеше бағыттағы оқу-тәжірибелік және қосымша білім беру кабинеттері мен үйірмелер ашылып, жүйелі жұмыстар жүргізілуде. 2024-2025 оқу жылында №266 мектеп-лицей «Ауылдық аймақтардағы тірек мектептердің әлеуетін арттыру» жобасы аясында «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры құны 247,0 млн теңге қаржы бөліп, білім беру ұйымы 29 заманауи пәндік кабинеттер, зертханалық құрал-жабдықтар, музыка кабинеті, АРТ студия, коворкинг орталығы, телестудия, STEAM лабораториясы, робототехника, информатика кабинеттері, кадет класы және 18 интерактивті панельдер, жаңа оқушы парталары мен орындықтары, жаңа жиһаздармен жабдықталды. Мектепте оқу-өндірістік шеберханасы (УПК) аясында тігін, кулинария және ағаш ұстасы бағыттары жұмыс жасайды. Аталған бағыттар оқушылардың еңбекке баулу, кәсіптік дағдыларын қалыптастыру және болашақ мамандық таңдауға бейімдеу мақсатында ұйымдастырылған. Тігін шеберханасында оқушылар тігін машинасымен жұмыс істеу, киім үлгілерін пішу, ұлттық және заманауи киімдерді тігу технологияларын меңгереді. Үйірме барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамып, еңбек мәдениеті қалыптасады.

Кулинария бағытында оқушылар тағам әзірлеу технологияларын, дұрыс тамақтану мәдениетін, ұлттық тағам түрлерін дайындау жолдарын үйренеді. Сонымен қатар санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау дағдылары қалыптастырылады.

Ағаш ұстасы шеберханасында оқушылар ағаш өңдеу құралдарымен жұмыс жасауды, әртүрлі бұйымдар дайындауды, еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтауды меңгереді. Практикалық жұмыстар арқылы техникалық ойлау қабілеті дамытылады.

Мектепте цифрлық және шығармашылық бағыттарды дамыту мақсатында дизайн-графика, арт-студия және телестудия кабинеттері ашылған.

Дизайн және графика бағытында оқушылар компьютерлік графика, 3D модельдеу, цифрлық дизайн және визуалды жобалау жұмыстарымен айналысады. Бұл бағыт оқушылардың ІТ және цифрлық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Арт-студияда сурет салу, қолөнер, кескіндеме және сәндік өнер жұмыстары жүргізіледі. Оқушылардың эстетикалық талғамы мен шығармашылық қабілеттері дамытылады.

Телестудия жұмысы аясында оқушылар журналистика, бейнемонтаж, сұхбат алу, мектеп жаңалықтарын дайындау жұмыстарын үйренеді. Медиа сауаттылық пен көпшілік алдында сөйлеу дағдылары қалыптасады.

Сонымен қатар мектепте инженерлік және ғылыми бағыттарды дамыту мақсатында робототехника және STEM лабораториясы ашылған. Робототехника кабинетінде оқушылар LEGO, Arduino платформалары арқылы робот құрастыру, бағдарламалау және инженерлік жобалар әзірлеумен айналысады.

STEM лабораториясында физика, химия, математика және информатика пәндері бойынша тәжірибелік және зертханалық жұмыстар жүргізіліп, оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдылары дамытылады. Мектепте әскери-патриоттық тәрбие беру мақсатында кадет сыныбы ашылған. 2024 жылы ҚР Қорғаныс министрлігінің Ш.Уалиханов атындағы Әскери колледж басшысы полковник А.А Габдраховпен бірлесіп, әскери кадрларды дайындау жөніндегі өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Кадет сыныбында оқушылар саптық дайындық, алғашқы әскери дайындық, патриоттық іс-шаралар мен әскери-спорттық жарыстарға қатысады. Бұл жұмыстар оқушылардың тәртіпке бағынуын, жауапкершілігін және Отанға деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған.

Аталған бағыттардың барлығы оқушылардың жан-жақты дамуына, заманауи білім мен кәсіптік дағдыларды меңгеруіне, шығармашылық және техникалық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Мектеп ұжымы алдағы уақытта осы жұмыстарды одан әрі жетілдіруді және жаңа инновациялық жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр.

Мектеп-лицей директоры:



Е. Утепберенов



**«БЕКІТЕМІН»**  
№266 мектеп-лицей директоры  
Е. Утепбергенов  
« 01 » « 09 » 2025 жыл

**2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН  
№266 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы жұмыс жоспары инновациялық мектеп-лицейдің 2025–2026 оқу жылындағы кәсіптік бағдар беру, шығармашылық, цифрлық, техникалық және патриоттық тәрбие бағытындағы жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында әзірленді.

Жоспар Қазақстан Республикасының білім беру стандарттарына сәйкес жасалды және оқушылардың функционалдық сауаттылығын, кәсіптік қабілеттерін, ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

### **Мақсаты:**

Оқушылардың шығармашылық, техникалық, кәсіптік және патриоттық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау, инновациялық білім беру ортасын қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

Оқушылардың кәсіптік бағдарын қалыптастыру;  
Практикалық және зерттеушілік дағдыларын дамыту;  
STEM, IT және робототехника бағыттарын жетілдіру;  
Шығармашылық әлеуетін арттыру;  
Әскери-патриоттық тәрбиені дамыту; Кадет класы  
Оқушылардың әлеуметтік белсенділігін көтеру.

**УПК ЖҰМЫСЫ**

Тігін шеберханасы

### ТІГІН ШЕБЕРХАНАСЫ

Мақсаты: Тігін ісінің технологияларын меңгерту, ұлттық және заманауи киім үлгілерін дайындауға үйрету.

	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Тігін кабинетін ұйымдастыру	Қыркүйек	УПК меңгерушісі
2	Қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	Қыркүйек	Шебер
3	Ұлттық киім үлгілерін дайындау	Қазан	Технология пәні мұғалімі
4	«Шебер қолдар» байқауы	Қараша	Үйірме жетекшісі
5	Мектеп формаларын жөндеу жұмыстары	Желтоқсан	Шебер
6	Тігін бұйымдарының көрмесі	Наурыз	ӘБ жетекшісі
7	Жылдық қорытынды есеп	Мамыр	УПК меңгерушісі

### КУЛИНАРИЯ

Мақсаты: Аспаздық шеберлік пен дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру.

	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Асхана құралдарымен таныстыру	Қыркүйек	Үйірме жетекшісі
2	Ұлттық тағамдар апталығы	Қазан	Технология мұғалімі
3	«Дұрыс тамақтану» тренингі	Қараша	Медбике
4	«Үздік жас аспаз» байқауы	Қаңтар	Ұйымдастырушы
5	Кондитерлік өнімдер әзірлеу	Ақпан	Шебер
6	Ата-аналарға шеберлік сағаты	Сәуір	Үйірме жетекшісі
7	Жылдық фестиваль	Мамыр	Әкімшілік

### АҒАШ ҰСТАСЫ ШЕБЕРХАНАСЫ

Мақсаты: Ағаш өңдеу технологияларын меңгерту және еңбекке баулу.

	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық	Қыркүйек	Шебер
2	Ағаш бұйымдарын жасау	Қазан	Үйірме жетекшісі
3	Құстарға ұя жасау акциясы	Қараша	Технология мұғалімі
4	Жиһаз элементтерін дайындау	Қаңтар	Шебер
5	«Ұста-DESIGN» көрмесі	Наурыз	ӘБ жетекшісі
6	Шеберлер байқауы	Сәуір	Директордың орынбасары

### ДИЗАЙН ЖӘНЕ ГРАФИКА

Мақсаты: Компьютерлік графика және дизайн бағытында оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту.

	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
--	------------	---------	---------

1	Графикалық бағдарламаларды меңгеру	Жыл бойы	1
2	Логотип жасау байқауы	Қараша	2
3	3D модельдеу жұмыстары	Қаңтар	3
4	Цифрлық постерлер көрмесі	Наурыз	4
5	Жас дизайнерлер фестивалі	Мамыр	5

### АРТ СТУДИЯ

Мақсаты: Эстетикалық тәрбие беру және шығармашылық қабілеттерін дамыту

	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Сурет және кескіндеме сабақтары	Апта сайын	1
2	«Алтын күз» көрмесі	Қазан	2
3	Қолөнер жәрмеңкесі	Желтоқсан	3
4	Мурал және инсталляция жобалары	Сәуір	4
5	Өнер фестивалі	Мамыр	5

### ТЕЛЕСТУДИЯ

Мақсаты: Медиа сауаттылық пен журналистика дағдыларын қалыптастыру

	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Телестудия жұмысымен таныстыру	Қыркүйек	1
2	Мектеп жаңалықтарын түсіру	Апта сайын	2
3	Интервью алу тренингі	Қараша	3
4	YouTube және мектеп арнасын жүргізу	Жыл бойы	4
5	«Үздік тілші» байқауы	Сәуір	5

### STEM ЖӘНЕ РОБОТОТЕХНИКА

Робототехника

Мақсаты: Инженерлік ойлау мен бағдарламалау қабілеттерін дамыту.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстарды дамыту.

	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	LEGO және Arduino негіздері	Қыркүйек	1
2	Робот құрастыру	Қазан	2
3	Бағдарламалау сабақтары	Жыл бойы	3
4	Робо-сайыс	Ақпан	4
5	Ғылыми жобалар байқауы	Сәуір	5

	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	STEM кабинетін ұйымдастыру	Қыркүйек	1
2	Физика-химия тәжірибелері	Ай сайын	2
3	Иновациялық жобалар әзірлеу	Жыл бойы	3
4	Science Fair көрмесі	Наурыз	4
5	Жас ғалымдар конференциясы	Мамыр	5

### КАДЕТ СЫНЫБЫ

Мақсаты: Әскери-патриоттық тәрбие беру және алғашқы әскери дайындықты жетілдіру.

	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Саптық дайындық	Апта сайын	1
2	Әскери-патриоттық кездесулер	Ай сайын	2
3	Төтенше жағдайлар бойынша оқу-жаттығу	Қараша	3
4	«Жас сарбаз» сайысы	Ақпан	4
5	Әскери бөлімге экскурсия	Сәуір	5
6	Ант қабылдау рәсімі	Мамыр	6

#### КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Оқушылардың кәсіптік қабілеттері қалыптасады;  
 STEM және IT құзыреттіліктері дамиды;  
 Шығармашылық белсенділігі артады;  
 Патриоттық тәрбие деңгейі жоғарылайды;  
 Ғылыми жобалар мен инновациялық жұмыстар саны көбейеді;  
 Оқушылардың қоғамдық белсенділігі қалыптасады.

#### БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ

№	Бақылау түрі	Мерзімі	Жауапты
1	Ай сайынғы есеп	Ай сайын	Үйірме жетекшілері
2	Үйірме журналдарын тексеру	Тоқсан сайын	Директордың орынбасары
3	Оқушылар портфолиосын жинақтау	Жыл бойы	Сынып жетекшілері
4	Көрме және байқау нәтижелері	Жыл бойы	Ұйымдастырушы
5	Жылдық қорытынды мониторинг	Мамыр	Әкімшілік

Мектеп-лицей директоры:



Е.Утепбергенов